Автор: Коныратбай Гулжанат Сериккызы
Пән: Математика
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Теңдік және теңсіздік. Теңдеу
Тақырып: Белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шешу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.5.2.2 «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын/ цифрларды, (?) белгісіз сан символын пайдалану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Теңдеудегі белгісіз азайтқыш бүтіннің белгісіз бөлігі екенін біледі. Көптеген оқушылар: Белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шеше алады Кейбір оқушылар: Теңдеуді шешудегі өз іс- әрекетіне түсініктеме бере алады.
Тілдік мақсаттар:	Пән бойынша оқыту мақсаты Теңдіктер мен теңсіздіктерді жазу үшін дұрыс математикалық таңбаларды қолданады. Оқытудың тілдік мақсаты Сандар мен шамаларды салыстыруды, және олардың қалай теңдіктер мен теңсіздіктер түзе алатындығын түсіндіреді Пәнге тән лексика мен терминология: Тең, теңдік бүтін, бөлік,азайғыш, азайтқыш, айырма Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: 1.Математикалық өрнектер қалай бөлінеді? 2.Теңдеу деп нені айтады? 3.Теңдеуді шешу дегеніміз не? 4.Белгісіз қосылғышты қалай табамыз? 5. Белгісіз азайтқышты қалай табамыз? 6.Қай есептің жауабын табуда қиналдың? 7.Қай есептің жауабын табу сен үшін жеңіл болды?
Күтілетін нәтиже:	Белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шеше алады
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтаса бірігіп , ұйымшылдықпен жұмыс жасау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Сауат ашу, дүниетану , көркем еңбек
Бастапқы білім:	Тура және тура емес теңдіктер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (8 минут)	Ынтымақтастық атмосферасы Бүгінгі күн терезеден, Бізге міне тұр қарап. Сондай жақсы көңіл-күймен, Басталады бұл сабақ . «Миға шабуыл» әдісі 0+5=5 20+70=90 1+1=2 20+10-5=25 6-0=6 70+20=90 2+1=3 14-(1+5)=8 (ереже құрастырады) Дәлелдей білуге үйренеді , рефлексиялық ойлау қабілеттері дамиды Топқа сұрақ (үрленген 4шарды 4 оқушы жарады, топтың оқушылары қағаздағы сұрақтарға өз ойларын жеткізеді 1. Математикалық өрнектер қалай бөлінеді?..... 2.Теңдеу деп- ..... 3.Теңдеуді шешу дегеніміз- ..... 4.Белгісіз қосылғышты табу үшін ..... КЕРЕМЕТ!!!!! Мадақтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (22 минут)	Олай болса , бүгінгі біздің сабағымыз белгісіз азайтқышы бар теңдеуді шешу Тапсырма: Сөреде қанша кітап қалды? Сөреде 8 кітап бар еді. Арман бірнеше кітап алғаннан кейін сөреде 6 кітап қалды. Арман сөреден қанша кітап алған? 8-х=6 х=8-6 х=2 8-2=6 6=6 Егер белгісіз компонент бөлік болса берілген бүтіннен бөлікті азайту керек. 8-х=6 айырманың мәні азайтқыш азайғыш Ереже құрастыру:Белгісіз азайтқышты табу үшін азайғыштан айырманы азайту керек. Жарайсыңдар!!!!!!!!!! Оқулықпен жұмыс «Кір жайғыш» әдісі 9-а= 4 20-с=12 13-у=10 9 – х = 8 Кері байланыс 1) Бұл теңдеуде не байқадыңдар? 2)Нелер белгілі? Не белгісіз? (топ мүшелерінің өз тұжырымдары тыңдалады) Бағалау ---бағдаршам Жұптық жұмыс: «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі Бөшкеде 40 литр су бар еді.Гүлдерді суарғаннан кейін бөшкеде 10литр су қалды.Гүлдерді суаруға қанша литр су кетті? I,II -топ: Теңдеу құрастырып шешеді Су Суарды қалды III,IY -топ: Теңдеу құрастырып шешеді Ілияста 7 кәмпит болған. Ол бірнеше кәмпит жеді. Онда 5 кәмпит қалды.Ілияс неше кәмпит жеді? Кәмпит Жеді Қалды Кері байланыс 1) Сендер теңдеуді қалай құрастырдыңдар? 2) Кезектесіп түсіндіріп бере аласыңдар ма? (Белгісіз азайтқыш-бұл бүтіннің белгісіз бөлігі) Бағалау «Керемет жұп» медальон Сергіту сәті : №2 жұмыс дәптері “Сәйкестендіру” әдісі 45-сабақ Теңдеуді оның жауабымен қосу Бағалау-смайликпен бағаланады Жеке жұмыс «Сандық калейдоскоп» - - х=3 Семантикалық карта 1-түрі: 10-х=3 15-х=3 13-х=3 7-х=3 4 + 12 + 7 + 10 + 2-түрі Тест 20-х=3 А) 15 Ә) 12 Б) 17 + 14-х=3 А) 11 + Ә) 17 Б) 13 8-х=3 А) 11 Ә) 5 + Б) 83 9-х=3 А) 12 Ә) 6+ Б) 10 Кері байланыс 1) Қай есептің жауабын табуда қиналдың? 2) Қай есептің жауабын табу сен үшін жеңіл болды? Бағалау Дұрыс жауап слайдтан көрсетіледі Барлығын дұрыс шығарған оқушы «Жарайсың!» төсбелгісімен марапатталады	
Сабақтың соңы (8 минут)	Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйін жазып іледі.	
Рефлексия (2 минут)	Топтық бағалау-----бағдаршам Жұптық бағалау ----- медальон жұмыс дәптерін бағалау - смайлик Жеке бағалау ----- төсбелгі	